

Студенттерге арналған Прокторинг жүйесін қолдану бойынша нұсқаулық

1. Прокторинг қызметі арқылы емтихан тапсыру тәртібі

Егер сіз Windows 7, 8, 8.1, 10 немесе MacOS 10.10 немесе одан жаңасын қолдансаңыз, төмендегі браузерді орнатыңыз:

- Google Chrome <https://www.google.com/chrome/>

- Орнатылған Google Chrome браузерінде <https://narxoz.online> парағына өтіңіз, ПРОКТОРИНГ - ПРОВЕРКА ОБОРУДОВАНИЯ қойындысында тексеруден өтіңіз;
- Емтиханға дейін компьютеріңізді тексеру: <https://proctoring.dar-dev.zone/test-check>
- Жоспарланған емтихан күні мен уақытында <https://narxoz.online> сілтемесін енгізіп, кестеге сәйкес курсқа кіріңіз;
- Камера мен микрофон жұмыс істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Жүйе микрофон мен камераға қол жеткізуге рұқсат сұрағанда, сіз «Разрешить» батырмасын басуыңыз керек.

2. Пайдаланушының компьютеріне қойылатын талаптар:

1. Стационарлық компьютер немесе ноутбук (мобильді құрылғылар қолдану қарастырылмаған);
2. Windows операциялық жүйесі (7, 8, 8.1, 10 нұсқалары);
3. Жедел жад: 3 ГБ немесе одан көп;
4. Процессор:
 - SSE2 қолдауымен Intel Core 2 DUO немесе одан кейінгі нұсқасы;
 - AMD Athlon x2 немесе одан жоғары;
 - 2 ядролар немесе одан жоғары;
 - 1,8 ГГц және одан жоғары;
5. Google Chrome интернет браузері - емтихан тапсыру кезіндегі ең соңғы нұсқа: (браузерді орнату үшін <https://www.google.com/chrome/> сілтемесін қолдану; браузер нұсқасын тексеру немесе жаңарту үшін

chrome: // help / сілтемесіне өтіп, өзіңіздің браузеріңіздің нұсқасының нөмірін және егер бар болса, жаңарту батырмасын көре аласыз);

6. Қатты дискідегі бос орын 500 МБ;
7. Пайдаланушыдан кемінде 5 Мбит/с жылдамдықтағы деректерді жіберетін тұрақты Интернет байланысының болуы;
8. Жұмыс істеп тұрған және қосылған веб-камераның болуы;
9. Жұмыс істеп тұрған және қосылған микрофонның болуы;

МАҢЫЗДЫ: Егер сіздің компьютеріңіз осы талаптарға сәйкес келмесе немесе тестілеуден өтпесе, онда проктор жүесі арқылы емтихан тапсыру мүмкін емес.

3. ТЕСТ - СТУДЕНТ ЖАБДЫҚТАРЫН ТЕКСЕРУ

Студенттер <https://proctoring.dar-dev.zone/test-check> сілтемесі арқылы, алдын-ала жабдықтарының дұрыстығын тексере алады.

Тексерудің алдында мына талаптарға көз жеткізіңіз:

- Құрылғының камерасы мен микрофоны қосылған;
- Камераның объективі бөтен объектілермен жабылмаған;
- Бөлменің ішң жеткілікті жарықтандырылған;
- Интернет байланысы дұрыс жұмыс істеуде.

4. ЕМТИХАНДЫ БАСТАУ

4.1. Авторизация

4.1.1 <https://narxoz.online> парағына кіріңіз және авторизациядан өтіңіз;

4.1.2 Жүйеде авторизациядан өту үшін өзіңіздің жеке деректеріңізді пайдаланыңыз.

4.1.3 «Вход» батырмасын басыңыз;

NARXOZ ONLINE

[Забыли логин или пароль?](#)

В Вашем браузере должен быть разрешен прием cookies [?](#)

 Запомнить логин

Некоторые курсы, возможно, открыты для гостей

Вход

Зайти гостем


Сурет 1. Кіру парағы

4.1.4 Әрі қарай сіз емтихан күні мен уақыты бойынша пәнді таңдайсыз. Курсқа кіріп, «Экзамен с прокторингом - Студент» ресурсын таңдаңыз;

The screenshot shows the NARXOZ ONLINE interface. At the top, there is a navigation bar with the logo and menu items: Тренинги, Мои курсы, Помощь, and Русский (ru). The main content area is divided into two columns. The left column contains a sidebar with various navigation options: Финансы (Прокторинг/20-21/BA/F/RU), Участники, Значки, Компетенции, Оценки, Личный кабинет, Домашняя страница, Календарь, Личные файлы, and Мои курсы. The right column displays the course content, including topics like 'Тема 14' and 'Тема 15', each with associated materials and assignments. Below this, there is a section titled 'ЭКЗАМЕН' (EXAM) with three options: 'Экзамен', 'Экзамен с прокторингом - Учитель', and 'Экзамен с прокторингом - Студент'. The 'Экзамен с прокторингом - Студент' option is circled in red. At the bottom of the page, there is a dark grey footer with the text: 'Вы зашли под именем студент 27 (Выход)', 'В начало', 'Сводка хранения данных', and 'Скачать мобильное приложение'.


Сурет 2. «Экзамен с прокторингом - Студент» ресурсы

4.1.5 Әрі қарай, прокторинг жүйесінің қойындысы ашылады, онда сіз техникалық сәйкестік тексеруінен өтесіз.




Сурет 3. Компьютерді тексеру.

4.1.6 Тексеруді аяқтағаннан кейін қалқымалы терезеде ескертуді оқып, «Далее» батырмасын басыңыз.




Сурет 4. Мәліметтерді өңдеуге келісім беру

4.1.7 Калибрлеуді аяқтағаннан кейін студент емтихан парағына өтеді. Қалқымалы терезеде экранды таңдап, «Поделиться» батырмасын басу арқылы экранмен бөлісуге рұқсат беріледі.



Сурет 5. Экранмен бөлісу


Емтиханды бастау үшін студент «Начать экзамен» батырмасын басу керек.



Сурет 6. Емтиханның басталуы

4.1.9 Емтихан кезінде студенттің экраны, видео және аудио жазу жүзеге асырылады. Беттің жоғарғы жағында таймер көрсетіледі.

МАҢЫЗДЫ: Проториг жүйесіне өткеннен кейін бейнені жазу бірден басталады. Емтихан тапсыруды кешіктірмей бастауға кеңес береміз.




Сурет 7. Таймер

Прокторлық жүйемен емтихан тапсыру ережесі:

- Бөлме тыныш және бейтаныс адамдар болмайтындығына көз жеткізіңіз;
- Бетіңіздің кадрде толық көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз;
- Камераның артында немесе жағында жарық көздері (терезе немесе шам) жоқ екеніне көз жеткізіңіз;
- Бетіңізге біркелкі жарық түсіп тұрғанына, кадрдің ортасында және камераның тура алдында отырыңыз;

Дене қалпын емтихан парағындағы параметрлерге өту арқылы тексеруге болады:



Сурет 8. Настройки

ТҮЙІМ САЛЫНАДЫ:

- Емтиханды үзу (емтиханға қайта кіру мүмкін емес);
- Компьютерде қосымша браузерлерді ашуға;
- Компьютерде қосымша файлдарды ашуға;
- Емтихан тапсыратын компьютерден 1-2 метр радиуста қосымша құрылғыларды қолдануға (ұялы телефондар, планшеттер, басқа құрылғылар);


МАҢЫЗДЫ: Кез келген бұзушылықтар жүйе базасына жіберіледі және қорытынды баллға әсер етеді. Құқық бұзушылықтарға бастың экраннан алыстауы, басқа адамдардың беттердің пайда болуы, көріну аймағынан жоғалу, құлақшалар (вкладка) арасында ауысу және бөгде дауыстар жатады.

4.3. Осы сәттен бастап емтихан басталады.

Сәйкестендіруден өтіп, жүйеге кіргеннен кейін студент емтихан сұрақтарына жауап беруге кірісуі керек.


Емтихан уақыты «Начать попытку» батырмасын басқаннан кейін кері санай бастайды.

- ✓ Емтихан аяқталғанға дейін қалған уақытты көрсететін таймерге назар аударуды ұмытпаңыз.
- ✓ Емтиханды аяқтағаннан кейін студент «Отправить все и завершить тест» батырмасын басуы керек.




Сурет 9. «Отправить все и завершить тест» батырмасы

Осыдан кейін сіз растау бетіне бағытталасыз, мұнда «Отправить все и завершить тест» батырмасын қайтадан басу керек.



Сурет 10. «Отправить все и завершить тест» батырмасы

МАҢЫЗДЫ: Емтихан аяқталғаннан кейін, сізден прокторлық жүйесін тоқтату үшін «Завершить Экзамен» батырмасын басуды сұраймыз. Әйтпесе, сіздің нәтижелеріңіз жойылуы мүмкін.



Сурет 11. “Завершить экзамен” батырмасы

Техникалық қолдау қызметі

Қиындықтар туындаған жағдайда, скриншоттарды жібере отырып, distance.edu@narhoz.kz қолдау қызметіне хат жазуыңыз керек.

Егер тексеру сәтсіз өтсе, не істеу керек:

- Компьютердің операциондық жүйесінің нұсқасын тексеріңіз. Жүйенің дұрыс жұмыс істеуі үшін Windows 7, Windows 8, Windows 8.1, Windows 10 операциондық жүйесі қажет;
- Браузердің кэшін тазартыңыз (Windows үшін Ctrl + Shift + R, Command + Shift + R) және браузерді келесі жолмен қайта қосыңыз: Google Chrome-да `chrome://restart` және Enter пернесін басыңыз, содан кейін авторизациядан қайта өтіңіз;
- Windows 10 үшін: Windows параметрлерінде компьютердегі камера мен микрофонның қосулы екеніне және қосымша құрылғылардың кіруіне рұқсат беріңіз (Параметры > Конфиденциальность > Камера, Параметры > Конфиденциальность > Микрофон)
- Chrome браузерінің параметрлерінде (`chrome://settings/content/camera` және `chrome://settings/content/microphone` беттерінде)

<https://narhoz.online> сайты «Блокировать» тізімінде жоқ екеніне көз жеткізіңіз (егер бұл тізімде болса, оны алып тастаңыз);

- Браузердің мекенжай жолағының оң жағындағы камера белгішесін пайдаланып, сайтқа камераға қосылуға рұқсат бере аласыз. Ашылған терезеде камера белгішесін басыңыз, сайтқа қосылуға рұқсат беруді қамтамасыз етіңіз, содан кейін қойындыны (немесе бүкіл браузерді) жауып, тест сілтемесі арқылы қайта-қайта кіріңіз.
- Бейне ағынды қолданатын басқа бағдарламалардың (Skype, Zoom, Google Meet, Microsoft Teams және т.б.) жұмыс істеп тұрмағанын тексеріңіз. Бұл қосымшаларды дұрыс өшіру үшін Диспетчером задач жүесін пайдаланыңыз (Ctrl + Shift + Esc пернелерін басып, бағдарламаны тандап, «Снять задачу» батырмасын басыңыз).